«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті» тақырыбындағы Ахметова Айнур Мырзалиевнаның диссертациясына ресми рецензент

ПІКІРІ

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Көркем әдебиеттегі концепт категориясын зерттеу жұмыстары қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінде, кеңірек алғанда, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларында да өзекті әрі маңызды саналады. Өйткені концептінің әдеби-эстетикалық қабаттарында белгілі бір халықтың, ұлттың сан жылғы рухани құндылықтары мен әлемді, қоршаған ортаны көркемдік тұрғыда игеру тәжірибесі, тану, сезіну, қабылдау ерекшеліктері көрініс табатыны белгілі. Сондай-ақ, концептілер ұлттың өткен тарихы, салт-санасы, дәстүрі сынды құндылықтарды да танытатын көркем таңба саналады. Осы тұрғыдан алғанда, «Мәңгілік ел» ұғымын концепт ретінде зерттеудің маңызы айқындала түседі. Аталған концептінің бағалы, құнды қабаттарында қазақ халқының, кеңірек алғанда, тарихы тереңнен бастау алатын түркі жұртының ел, мемлекет, туған жер, атамекен, батырлық, тәуелсіздік, еркіндік, ел басшысы туралы көркемдік көзқарасы, өзіндік тұжырымдары жасырынған. Мұндай қатпары терең концептілерді зерттеу, сол концептінің базалық өрісінен бірнеше көркемдік құрылымдарды ажыратып қарастыру жұмыстары әдебиеттануда, филологияның жекелеген салаларында ірі ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді. Бұған дейін отандық әдебиеттануда «Мәңгілік ел» ұғымы идея ретінде зерттелгенімен, концепт санатында қарастырылмаған. Ізденушінің қазақстандық гуманитарлық ғылым салаларын дамытуда басым бағытқа ие болып отырған «Мәңгілік ел» идеясын концепт аясында қарастырған жұмысын отандық әдебиеттану саласын дамыту жолында ерекше қадам деп есептейміз. Диссертациялық жұмыста аталған концептінің көркемдік құрылымдары, осы концепт өрісінде қарастырылатын өзге басты кілт концептілер жазушы Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдары бойынша жан-жақты талданып, бүгінгі отандық әдебиеттанудың когнитивтік парадигмадағы орнына баға беріледі. Осы шығармалар «Мәңгілік ел» концептісінің мәнін ашу үшін дәл таңдап алынғанын айтуымыз керек.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік

және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді. Осы орайда, зерттеу тақырыбының өзектілігі күмән туғызбайды.

II. Докторант оқыған мамандық пен диссертация тақырыбының сәйкестігі.

Докторант А.М. Ахметованың «XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысы «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша сәйкес келеді. Пәнаралық салалар, оның ішінде әдебиеттанулық аспектіде зерттеген еңбектерде көркем концепт категориясын әдеби шығармадан қарастыру барысында оның «дерексіздік», «идеяның образ ретінде ассоциациялануы», «көркем құрылым», «ақиқаттың образды жүзеге асырылуы» т.б. белгілері мен түсініктемелері негізге алынған. Ізденуші 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген қазақ романдарынан аталған концептіні жоғарыда аталған түсінік, мазмұн, белгілері бойынша қарастырған. Концептінің мұндай анықтамалары әдебиеттанушы зерттеп көрсететін басты міндеттер аясына кіреді. Жалпы «Мәңгілік ел» ұғымы көркем идея ретінде отандық әдебиеттануда «Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы», «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының XIX ғасыр әдебиетіндегі көрінісі», «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» және ұлттық идея тоғысуы» атты ұжымдық монографияларда (авторлары: Ж.Дәдебаев, Ө.Әбдиманұлы, А.Темірболат т.б.) кеңірек қарастырылған. Сондай-ақ, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында да арнайы ғылыми жоба аясында зерттелуде. Ізденуші жұмысында «Мәңгілік ел» идеясын көркем концепт ретінде XXI ғасырдағы қазақ романдарынан қарастыру барысында шетелдік және отандық филологтардың әдіс-тәсілдеріне сүйенген.

Ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша «Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse» деп аталатын мақаласы «Scopus» деректер базасына кіретін «Space and Culture» журналында 2019 жылы жарияланған. Жұмыста жалпы көркем концепт категориясы мен «Мәңгілік ел» концепті мәдени, тарихи, діни әлеуметтік, әдебиеттанулық аспектіде қарастырылғандықтан, «Space and Culture» журналында жарық көрген. Журналдың мәдениеттанулық бағыты 60 және өнертанулық, гуманитарлық бағыты 19 процентильді көрсетеді. Диссертация пәнаралық бағытта жазылғандықтан, мақаланың аталған журналда шыққандығы зерттеу жұмысын қорғауға ұсынуға кедергі келтірмейді.

III. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Ізденуші Ахметова Айнур диссертация жұмысында тақырыптың нақты өзектілігін айқындап, алға қойған мақсат-міндетіне жеткен. «Мәңгілік ел» сынды түпнегізі тереннен бастау алатын концептілерді зерттеп, жинақтап, қазақ әдебиетінің концептосфера жүйесін қалыптастыру маңызды әрі

филология ғылымдары үшін қажеттілігі де жоғары. Докторант осы жолда концептіні зерттеудің отандық әдебиеттанудағы орны мен шетелдік ғалымдар тәжірибесін талдай келе, тақырыптың өзектілігін көрсеткен. Диссертациядағы тарау, бөлімдер жұмыстың басты мақсатын, міндеттерді ашуға негізделген. Жұмыс аяқталған, тұтас еңбек болып есептеледі. Докторанттың ғылыми тұжырымдары мен қорытынды пікірлері өзара логикалық, мазмұндық тұрғыда бір-бірін толықтыратын кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» көрсетілген талаптарға толық жауап береді.

IV. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңалық дәрежесі мынадай:

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа; Қазақстанның қазіргі қоғамында белсенділік, жаңғырушылық сипат алған Мәңгілік ел» ұғымын көркем концепт ретінде XXI ғасырдағы қазақ романдарының дискурсынан қарастырған және аталған концепт өрісіндегі бірнеше концептілерді талдаған. Романдар дискурсынан «Мәңгілік ел» концептінің сандаған көркем құрылымдарын анықтап, арнайы сурет-сызбамен көрсеткен.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа; диссертант жұмыстың алғашқы тарауында отандық филологияда тіл білімінде белсенді зерттеліп жатқан көркем концепт категориясын әдебиеттану аспектінде де зерттеудің маңызын айқындаған. Бірінші тарауда әдебиеттанулық зерттеулер бойынша көркем концептіні зерттеудің өзіндік әдіс-тәсілін көрсеткен. «Мәңгілік ел» концептінің концептілік әлеуетін нақты ғылыми дәлелдермен тұжырымдаған.

Үшінші ғылыми нәтиже – жаңа; докторант «Мәңгілік ел» концептінің қазақ халқының көркемдік танымындағы орнын айқындау үшін фольклорлық, мифологиялық үлгілерді де қоса талдаған. Ғылыми тұжырымдары әр тарау соңында арнайы берілген. «Мәңгілік ел» атауының ұғым, идея, концепт ретіндегі аражігін нақтылаған.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; ізденуші «Мәңгілік ел» концептінің әдебиеттанулық аспектін басты назарға ұстай отырып, тіл білімі, философия, дін, тарих сынды өзге ғылым салаларымен ықпалдастықта, пәнаралық сипатта зерттеудің де маңызын айқындаған. Өйткені қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымда заман құбылыстары мен адамның болмысы күрделі сипат алғандықтан, бірнеше салалалар өзара бірлесіп, кешенді зерттеулер жасауға ден қоюда.

V. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңызы.

Зерттеу жұмысы тұтастай ішкі логикалық бірлікке құрылған. XXI ғасырда жарық көрген қазақ романдарының «Мәңгілік ел» концептін танытудағы көркемдік қызметі әдеби-теориялық тұрғыда жан-жақты талданып, көркемдік-эстетикалық құндылығы сарапталған. Теориялық және тәжірибелік мәселелер нақты сабақтастықта жүйеленген.

VI. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. «Мәңгілік ел» әдеби концептінің байырғы түркі халықтарында, нақтырақ айтқанда, VI-VIII ғасырларда «Тоныкөк», «Білге қаған» және «Күлтегін» ескерткіштерінде көрініс тапқандығы және XXI ғасырдағы қазақ романдарында образды жүзеге асырылу жолдары нақты мысалдармен дәлелденген. Нәтижені шынайы деп есептейміз.

Екінші ғылыми нәтиже. Көркем концепт категориясы әлемдік әдебиеттануда жете қарастырылған. Диссертант бұл мәселеге қатысты бірнеше ғылыми дәлелдерді алға тартады. Мысалы, көптеген зерттеу жұмыстарының жазылып, әдеби концептілерді жинақтаған антологиялардың жарық көргенін атап өтеді. Әдебиеттанудың қарастыратын басты нысаны көркем шығарма болғандықтан, әдеби туындыдан «Мәңгілік ел» сынды концептілерді зерттеп, оның қабат-қатпарларына жасырынған көркем құндылықтарды айқындау жұмыстарын маңызды деп есептейді. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Үшінші ғылыми нәтиже. Докторант «Мәңгілік ел» концептінің пайда болу, қалыптасу тарихын көрсету үшін нақты халық жадынан туған шығармаларға – фольклорлық туындыларға да талдау жасаған. Мемлекет пен оны басқаратын билеушіге тән нақты белгі, өлшемдерді талдап көрсеткен ортағасырдағы еңбектерге де сараптама жасаған. Ғылыми топшылаулары дәлелді шыққан. Бұған қоса, диссертация нысанына алынған романдар мәнмәтінін қарастырып, «Мәңгілік ел» концептінің ядросын, тарихи, этимологиялық, ассоциативті-көркемдік, периферияльық қабаттарын айқындап, жеке анықтамасын ұсынған. Бұл ізденушінің көп ізденгенін және жұмысының шынайылығын көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтиже. Диссертант ұлттық әрі жалпыадамдық концептілерді дара ғылым саласы аясынан шығып, адам болмысын, менталды үдерістерін өзіндік методологиясы негізінде зерттеуге ден қоятын әдебиеттану, лингвистика, дінтану, мәдениеттану, философия, өнертану, психология сынды салалармен ықпалдастықта қарастырған ғылыми пікірлерге талдау жасайды. Ғылымдағы мұндай үрдісті қолдай отырып, «Мәңгілік ел» концептін сан қырынан қарастырудың ғылыми маңызын айқындайды.

VII. Академиялық адалдық принципі.

Ізденуші А.М. Ахметова диссертациялық жұмысында академиялық адалдық қағидасын толықтай ұстанған. Авторлық құқық нормаларын сақтаған және зерттеу жұмысында 152 дереккөз пайдаланған. Отандық әрі ресейлік, түркиялық зерттеушілердің еңбектерін, көркем концептілерді жинақтаған антология материалдарын кеңірек қолданған. Атап айтқанда, С.А. Аскольдов, Ю.С. Степанов, А.Вежбицкая, Ю.С. Лотман, В.Г. Зусман, Л.В. Миллер, А.Ташағыл, С.Қасқабасов, Л.Сафронова, А.Темірболат, Қ.Рысберген, А.Әмірбекова, О.Тураноғлу сынды көрнекті ғалымдардың еңбектерін пайдаланған. Ғылыми әдебиеттерге, көркем шығарма авторларына сілтеме берген. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы

келетін қандай да бір тұжырым, мәтін немесе идея бұрмалаушылықтар кездеспейді. Авторлық құқық нормалары мен зерттеуге қойылатын талапты сақтаған.

VIII. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.

Диссертациялық жұмыста ізденушінің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқылатын әдебиеттегі ұлттық концептілер, когнитивтік әдебиеттану, шетел және қазақ жазушыларының концептосферасы, әдебиеттанудағы пәнаралық байланыстар сынды курстарда пайдалануға болады.

IX. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитетінің талаптарына сай келеді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындылары бойынша 13 мақала жарық көрген: 1 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 7 мақала халықаралық конференция материалдарының жинақтарында, 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті бекіткен тізімге енетін басылымдарда жарияланған.

X. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Диссертацияның ғылыми және тәжірибелік маңызының жоғары екендігін ескере отырып, докторант болашақта мына мәселелерді назарда ұстағаны жөн:

– қазақ романдары мәтінінен «Мәңгілік ел» концепті өрісінде түсіндірілетін өзге де ауқымды ұлттық концептілерді әлі де анықтай түсуі қажет;

– «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік құрылымдар санын нақты әрі тереңірек талдап көрсетуі тиіс;

– болашақта концепт категориясын зерттеудің әдіс-тәсілдері аясын кеңейте түскені жөн;

– Диссертацияда әріп қателері кездеседі. Әсіресе адам аттарына абай болу керек. Ғылыми жұмыста ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы С.Қаржаубайұлы болып жүр (11-бетте, екі рет), академик Мұхаметжан Қаратаев Б.Қаратаев деп қате жазылған (16-бетте).

Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

XI. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертанттың жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына 1-қосымшасындағы «Дәрежелерді беру қағидаларының» 5, 6, 7 тармақтарына толықтай сәйкес келеді.

Докторант А.Ахметованың «XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық жұмысында келтірілген зерттеу қорытындылары мен нәтижелері маңызды саналады. Диссертация жұмысын когнитивтік әдебиеттанудың, жалпылай алғанда, филологиядағы концептология саласының дамуына үлес қосатын, ғылыми пән сөздері жүйелі құрылған, тұтас, аяқталған зерттеу деп есептейміз. Осы аталғандардың негізінде Ахметова Айнур Мырзалиевнаның «XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті» атты диссертациялық еңбегін «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:
Қазақстан Жазушылар одағы басқарма
төрағасының орынбасары,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы,
профессор **Б.Ө. Жақып**